

20 қараша ноября 2022



Қазақстан Республикасының Президентінің сайлауы

Выборы Президента Республики Казахстан

№45
(7939)

15 Қараша
Сейсенбі,
2022 жыл

uil-gazet@mail.ru

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША АЛҒАШ РЕТ

«БІЛІМ ALL» жобасы бастау алды

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МАҢЫЗДЫ ЖОБА БАСТАУ АЛДЫ. ШАРАҒА ОБЛЫС ӨКІМІ ЕРАЛЫ ТОҒЖАНОВ, ПЕДАГОГТЕР МЕН ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫ, МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.

ОБЛЫСТАҒЫ 424 МЕКТЕПТІҢ 66% НЕМЕСЕ 281-І АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ОРНАЛАСҚАН. ОНЫҢ 204-І – ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ.



«БІЛІМ ALL» жобасы 10575 оқушысы бар 120 шағын жинақты мектепті қамтиды. Бұрын аталған мектептердің білім көрсеткіші төмен болатын. Басты себеп — білікті мамандардың тапшылығы мен материалдық-техникалық базаның әлсіздігі. «Мемлекет басшысының қолдауымен Қазақстанда балалардың жан-жақты дамуы мен сапалы білім алуына барлық жағдай жасалған. Дегенмен жасыратыны жоқ, қала мен ауыл мектептерінің

білім сапасындағы алшақтыққа әсер ететін факторлар бар. Осы мәселелерді шешу үшін бірқатар шаралар қабылданды. Бүгінгі күні 114 мектепке кабинеттер сатып алу, мектеп жиһазын жаңарту, оның ішінде кітапханалары мен асханаларын жаңарту бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. 2025 жылға дейін 282 мектеп модернизацияланады. Ауыл балаларының білім сапасын арттыруда бүгін өз бастауын алып жатқан «БІЛІМ ALL» өңірлік

жобасының оң әсерін тигізетініне сенімдімін», — деген облыс әкімі бастаманы қолдаған ұстаздар қауымына алғысын білдірді. «Алға ауданындағы 29 мектептің 13-і шағын жинақты. Мәселен біздің мектепте 58 бала оқиды. Бұл жоба білікті педагогтерден жақсы білім алуға, ал ауыл мұғалімдері үшін үлкен тәжірибе жинақтауға және біліктілігін арттыруға тамаша мүмкіндік», — деп атап өтті Алға ауданының Қарақобда мектеп-балабақшасы-

ның директоры Еркінбек Зиядинов. Балаларды үздік нәтижелерге қол жеткізген, жоғары сапалы білім көрсеткен Ақтөбедегі 6 жетекші мектептің үздік 25 мұғалімі оқытады. Олардың қатарында Дарынды жасөспірімдерге арналған «Білім-инновация» мамандандырылған лицей-интернаты, М.Құсайынов атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған лицей-интернаты, мамандандырылған физика-математикалық лицей-интернаты және тағы да басқа білім ордалары бар. Бір сөзбен айтқанда, математика, физика, химия, биология, ағылшын тілі пәндерінің мұғалімдері онлайн-сабақтар өткізетін болады. «Қала мен ауылдағы білім деңгейін теңестіру мақсатында қолға алынып жатқан жобаның қатысушысы болу — біз үшін үлкен мәртебе. Дарынды балалар ауылда да бар. Бірақ маман тапшылығының кесірінен олардың барлығын дер кезінде тани алмай жатамыз. Алдағы уақытта бұл жобаның ауқымы кеңейетініне сенімім мол», — деді М.Құсайынов атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған лицей-интернатының математика пәнінің мұғалімі, — «Ақтөбе облысының үздік педагогі» Нұрбек Абдуллин.

А.ИЛІЯС.

СЕМИНАР-

САЙЛАУҒА ДАЙЫНДЫҚТЫ ПЫСЫҚТАДЫ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУ КҮНІ ЖАҚЫНДАҒАН САЙЫН ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ КҮШЕЙДІ. САЙЛАУШЫЛАРДЫҢ ТІКелей ДАУЫС БЕРУІН ЖҮЗГЕ АСЫРАТЫН УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН СЕМИНАР-ТРЕНИНГТЕР ӨТКІЗІЛІП ЖАТЫР.



Өткен аптада ауданға арнайы іссапармен келген Ақтөбе облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлыбек Жүсіпов «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында аудандағы учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерімен кездесіп, семинар өткізді. Облыстық сайлау комиссиясы төрағасының сайлау комиссияларының мүшелері және сайлау процесінің басқа да қатысушыларына «Қазақстан Республикасындағы сайлауды байқау туралы», «Сайлау күні», «Сайлау учаскесіндегі дауыс беру және оның аяқталуы» тақырыбында арнаулы слайдтар арқылы дәріс оқыды. Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлыбек Мейірханұлы сайлау науқанын жүргізудегі ағымдағы жағдай, дауыс беру күні сайлау комиссиялары мүшелерінің әрекеті туралы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңына сүйене отырып сайлау комиссияларының жұмысын ұйымдастыру мәселелері туралы түсінік берді. Сондай-ақ, сайлау комиссияларының дайындық кезеңіндегі, тікелей дауыс беру күніндегі қызметінің мәселелеріне нақты тоқталды. Сайлау комиссиялары мүшелерінің кәсіби әрекеттеріне ерекше назар аударған ол, комиссия мүшелерінің сайлау туралы қолданыстағы заңнама талаптарын қатаң сақтауға шақырды. Семинар жұмысы сайлау науқанының негізгі кезеңдерін өткізу барысы, сайлауды әзірлеу мен өткізу бойынша сайлау комиссияларының өкілеттіктері, сайлау туралы заңнаманың орындалуын қамтамасыз ету бойынша да кездесуі ықтимал сәттерден тұратын тренингпен жалғасса, облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлыбек Мейірханұлы Ойыл ауданындағы жұмыс сапарын сайлау учаскелерінің жұмысымен танысумен аяқтады.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

БӘРЕКЕЛДІ!

АУДАНЫМЫЗҒА ТАҒЫ БІР ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ КӨЛІГІ БЕРІЛДІ



Науқастардың өмірін арашалауға алғаш болып жедел жәрдем бригадасы баратыны белгілі. Ал, дертке шалдыққандардың тағдыры дәрігерлер мен медициналық жабдықтарға, келікке де байланысты. Облыстың емдеу мекемелерінің бас дәрігерлеріне ЖАС санитарлық реанимобильдері табыс етілді. Ойыл аудандық ауруханасына да берілген реанимобиль енді аудан тұрғындарына медициналық қызмет көрсететін болады. Автокөлік алғашқы медициналық көмек көрсету үшін қажетті жабдықтармен жабдықталған. Өкпені жасанды желдету аппараты, дефибрилятор-мониторлар, электрлі сорғыштар, жедел медициналық көмек көрсету үшін реанимациялық құрылғылары бар.

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ - 2023

АУДАНЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОЧТА» АҚ АРҚЫЛЫ
2023 ЖЫЛДЫҢ I ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ!

ИНДЕКС

ЖАЗЫЛУШЫЛАР САНАТЫ

6 АЙ

65525

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА

3292,42

66525

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА

4971,92

67525

ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖАЗЫЛАТЫНДАРҒА

2812,42

(БАРЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ)

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ:

2-11-07, 2-19-02 (РЕДАКЦИЯ)

2-19-98 («ҚАЗПОЧТА» АҚ)

САЙЛАУ-2022

ОЙЫЛ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2022 жылғы 11 қараша № 1 Ойыл ауылы Ойыл ауданының Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі өкімінің сайлауы туралы... Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-1 бабына сәйкес Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

ОЙЫЛ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2022 жылғы 11 қараша № 2 Ойыл ауылы Ойыл ауданының Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі өкімін сайлау жөнінде сайлау округін құру туралы... Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21 бабының 4) тармағына және 22 бабына сәйкес Ойыл аудандық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Table with 2 columns: Name, Position. Title: АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТІ ӘКІМІН САЙЛАУ. Commission members: Жантекова Мөлдір Үмбетқызы, Кенжебеков Нұрсұлтан Бисембайұлы, Назаров Әлішер Жүсіпқалиұлы, Сәттібаев Қонақбай Кәримоллаұлы.

Table with 2 columns: Name, Position. Title: 2022 ЖЫЛҒЫ 11 ЖЕЛТОҚСАНҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТІ ӘКІМІН САЙЛАУДАҒЫ, ҮЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ. Commission members: Қойайдаров Сағындық Темірұлы, Мамбет Қанат, Ақөтенова Шынар Бақытжанқызы, Әбішев Бауыржан Шыңғуұлы, Базаров Нұрболат Әлібиұлы, Сағатов Болат Сағынұлы, Жиенбеков Аманбек Үмбетұлы, Өтебаева Алмағұл Арыстанқызы.

ОЙЫЛ АУДАНЫ Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕГІ САЙЛАУ ҮЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ

№ 396 сайлау учаскесі Құмжарған ауылы, Ш.Берсиев көшесі, 2, Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің Соркөл орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі, телефон: 73-2-49... № 397 сайлау учаскесі Қаратал ауылы, Ш.Берсиев көшесі, 39, Ш.Берсиев атындағы мультимедиа кітапханасы, телефон: 37-5-35... № 398 сайлау учаскесі Қарасу ауылы, Ш.Берсиев көшесі, 5, Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің Құрманов бастауыш мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі, телефон: 73-0-92...

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА ҚОР ҚЫЗМЕТТЕРІ ЖОҒАРЫ СҰРАНЫСҚА ИЕ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры ағымдағы жылдың 9 айында ғана (01.01.2022-01.10.2022 жылдар аралығында) өз салымшыларына 24,1 млн қызмет көрсетті. Оның ішінде электрондық форматта - 16,5 млн, автоматты форматта-5,8 млн және күндізгі форматта-1,2 млн қызмет көрсетілді. Қызметтердің жалпы көлемінің 93% жуығы қашықтан: БЖЗҚ сайтында немесе ұялы қосымшасында, сондай-ақ өтінішсіз режимде көрсетілді. Жеке зейнетақы шотының (ЖЗШ) жай-күйі туралы үзіндікөшірме беру - бірыңғайсына ең сұранысқа ие қызмет. Жыл басынан бері 20,7 млн-нан астам үзінді көшірме берілді. Оның 16,4 млн. жуығы (немесе 79%) онлайн-форматта беріліп, 3,8 млн. астамы «Электрондық пошта» ақпараттандыру тәсілін таңдаған салымшылар мен алушылардың мекенжайларына автоматты режимде жіберілді. Сондай-ақ, БЖЗҚ сайтында да, ұялы қосымшасында да бар Жеке кабинетте салымшылар өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді кез келген уақытта және кез келген жерде алуға мүмкіндігі бар. Сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары бойынша, төлемге өтініш мәртебесін қадағалау және тағы басқа көптеген қызметтерге қол жеткізе алады. Автоматты режимдегі ең белсенді операция ЖЗШ ашу болды. 2022 жылдың 9 айында 475 мыңнан астам шот ашылды. БЖЗҚ зейнетақы жинақтары төлеміне қатысты 187 мыңнан астам өтініш қабылдады. Оның ішінде 1 және 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа тағайындалуына байланысты өтініштер де бар. Мұны электронды форматта да, БЖЗҚ кеңселерінде де ресімдеуге болады. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға (1,03 млн өтініш) және емделуге (420 мыңнан астам) уәкілетті операторлардан шамамен 1,5 млн өтініш қабылданды. Жинақтарды өмірді сақтандыру компаниялары мен инвестициялық портфельді басқаратын компанияларға аудару туралы 2,5 мың өтініштенөңделді. Күндізгі қызметтің де танымалдығы бәсеңсіген жоқ. БЖЗҚ-ның бүкіл Қазақстан бойынша 176 бөлімшесінде салымшыларға 1,1 млн қызмет көрсетілді, дегенмен бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 600 мыңға аз, бұл тағы да онлайн-қызметтердің танымалдылығын көрсетеді. Естеріңізге сала кетейік, сізге жақын Қор бөлімшесін www.enprf.kz сайтынан немесе БЖЗҚ/ENPF ұялы қосымшасындаоңай нақтылауға болады. БЖЗҚ-ның барып қызмет көрсету бөлімдері де белсенді жұмыс істеуде. Олар 67 мыңға жуық қызмет көрсетті, оның ішінде 10,8 мың қызмет халықтың әлеуметтік осал тобына жататын 4,5 мың адамға көрсетілді. Ақпараттық-түсіндіру жұмысы аясында 24,4 мың көшпелі тұсауқуесер өткізілді. Оған 500 мыңнан астам адам қатысты. Айтпақшы, кез-келген компания көшпелі тұсауқуесер өткізуге өтініш бере алады. Ол үшін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалу немесе БЖЗҚ сайты немесе ұялы қосымшасы арқылы өтініш беру қажет. БЖЗҚ Қор салымшылары мен алушылары үшін сапалы кеңес беру қызметтерін көрсетуге және ақпараттық арналарды дамытуға ерекше назар аударады. 2022 жылдың 1 қазанына салымшылардың кері байланыс арналары бойынша өтініштерінің саны 661,4 мыңды құрады. БЖЗҚ салымшылары мен алушылары байланыс орталығының 1418 нөмірі бойынша қоңырау шалып (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) немесе www.enprf.kz корпоративтік сайты арқылы кеңес ала алады. Сонымен қатар, БЖЗҚ/ENPF ұялы қосымшасында, +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боты арқылы, Instagram, Facebook, ВКонтакте, Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі БЖЗҚ ресми парақшаларында да кеңес алу қызметі қолжетімді. Ағымдағы жылдың 9 айында БАҚ-та БЖЗҚ хабарламалары бойынша 26,4 мың материал жарияланды. Онда зейнетақы жүйесіне қатысты барлық мәселелер бойынша түсініктемелер берілді. «БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

ЦИФРЛЫҚ ПАСПОРТ

eGov Mobile

мобильді қосымшасында қолжетімді EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ ҚҰЖАТ – «ҚР АЗАМАТЫНЫҢ ПАСПОРТЫ» ҚОЛЖЕТІМДІ. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТТЫ ТЕК ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫ ҒАНА ҚОЛДАНА АЛАДЫ.



Цифрлық паспортты eGov mobile қосымшасында жеке куәлікке ұқсас сәйкестендіру үшін пайдалануға болады. Қазіргі уақытта «ҚР азаматының паспорты» цифрлық құжатын Қазақстан Республикасының аумағында ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Цифрлық құжатқа қате мәліметтер анықталған жағдайда «қате туралы хабарлау» батырмасын басу арқылы тиісті мемлекеттік органға e-Otinish арқылы өтініш беруге болады. «Цифрлық құжаттар» сервисіеGov Mobile қосымшасындағы танымал сервистердің бірі. Бүгінгі таңда құжаттың түпнұсқасы болмаған кезде смартфонда цифрлық құжатты пайдалану өте ыңғайлы. Цифрлық паспорт пайдаланушылардың көптеген сұраныстары бойынша жүзеге асырылды. Жаңа құжатты цифрлық жеке куәлікпен тең дәрежеде пай-

далануға рұқсат етіледі. Мәселен, егер сіз жеке куәлікті жоғалтып алсаңыз немесе жарамдылық мерзімі өтіп кетсе, цифрлық паспортты балама құжат ретінде пайдалануға болады», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Коняшкин. Жаңа цифрлық құжатты табу үшін eGov Mobile қосымшасында авторизацияда өтіп, басты беттегі «Цифрлық құжаттар» бөліміндегі құжаттар тізімінен «ҚР азаматының паспортына» басу қажет. Айта кетейік, қазіргі уақытта eGov mobile мобильді қосымшасының «Цифрлық құжаттар» сервисінде 7 млн. астам азамат белсенді пайдаланатын 20 құжат (жеке куәлік, ҚР азаматының паспорты, жүргізуші куәлігі, вакцинация паспорты, ПТР тест және туу туралы куәлік және т. б.) бар. Бүгінде eGov Mobile қосымшасында 400-ге жуық мемлекеттік қызмет бар, оның 166-сы eGov.kz порталының қызметтері және e-lisense порталының жеке тұлғаларына арналған 250 қызмет қолжетімді. Ай сайын қосымшаны шамамен 13 млн. қазақстандық белсенді пайдаланады және айына шамамен 1,2 млн. мемлекеттік қызмет көрсетіледі. «ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ УСЛУГИ ВЫСОКОЙ ВОСТРЕБОВАННОСТИ

Единый накопительный пенсионный фондтолько за 9 месяцев текущего года (в период с 01.01.2022 по 01.10.2022) оказал своим вкладчикам 24,1млн услуг. Из них в электронном формате оказано 16,5 млн, в автоматическом – 5,8 млн и в очном формате 1,2 млн услуг, то есть почти 93% от общего объема услуг оказаны дистанционно: на сайте либо в мобильном приложении ЕНПФ, а также в беззаявительном режиме. Самой востребованной по-прежнему остается услуга по выдаче выписок о состоянии индивидуального пенсионного счета (ИПС). Их с начала года было выдано более 20,7 млн. Из них порядка 16,4 млн (или 79%) выдано в онлайн-формате и еще более 3,8 млн отправлено в автоматическом режиме на адреса вкладчиков и получателей, выбравших способ информирования «электронная почта». Также в Личном кабинете, который есть как на сайте, так и в мобильном приложении ЕНПФ, вкладчики имеют возможность получать такие услуги в любое время и в любом месте как внесение изменений и дополнение в свои реквизиты, получение справки о наличии ИПС, подача заявления о назначении пенсионных выплат в связи с установлением инвалидности 1 или 2 группы бессрочно, а также по добровольным пенсионным взносам, отслеживание статуса заявления на выплату и многое другое. Самой активной операцией в автоматическом режиме было открытие ИПС. Их за 9 месяцев 2022 годы было открыто свыше 475 тысяч. Более 187 тысяч заявлений было принято ЕНПФ на выплату пенсионных накоплений, в том числе в связи с бессрочной инвалидностью 1 и 2 групп. Это можно делать как в электронном формате, так и в офисах ЕНПФ. Порядка 1,5 млн заявлений было принято от уполномоченных операторов на улучшение жилищных условий (1,03 млн заявлений) и лечение (более 420 тыс.) По 2,5 тысячи заявлений отработано на перевод накоплений в компании по страхованию жизни и компании, управляющие инвестиционным портфелем.

Продолжает пользоваться популярностью и очное обслуживание. В 176 подразделениях ЕНПФ по всему Казахстану вкладчикам оказано 1,1 млн услуг, хотя это на 600 тысяч меньше, чем на этот же период прошлого года, что опять же говорит о популярности онлайн-услуг. Напомним, что ближайшее к вам отделение Фонда можно легко уточнить на сайте www.enprf.kz, либо в мобильном приложении БЖЗК/ENPF. Активно работают и отделы выездного обслуживания ЕНПФ, которые оказали порядка 67 тысяч услуг, из них 10,8 тысяч услуг оказано 4,5 тысячам человек из социально уязвимых слоев населения. В рамках информационно-разъяснительной работы проведены 24,4 тыс. выездных презентаций, на которых присутствовали более 500 тыс. человек. К слову сказать, любая компания может подать заявку на проведение презентации с выездом. Для этого необходимо подать заявку, позвонив на call-центр по номеру 1418 или через сайт или мобильное приложение ЕНПФ. Особое внимание ЕНПФ уделяет предоставлению качественных консультационных услуг и развитию информационных каналов для вкладчиков и получателей Фонда. На 1 октября 2022 года количество обращений вкладчиков по каналам обратной связи составило 661,4 тыс. Получать консультацию вкладчики и получатели ЕНПФ могут в call-центре по номеру 1418 (звонок по Казахстану бесплатный), на корпоративном сайте www.enprf.kz, в мобильном приложении БЖЗК/ENPF, посредством чат-бота в WhatsApp и Viber по номеру +7 777 000 14 18 и на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники. Количество материалов, размещенных в СМИ по сообщениям ЕНПФ за 9 месяцев составило 26,4 тыс., в которых были даны пояснения по всем вопросам, касающимся пенсионной системы. Пресс-центр АО «ЕНПФ»

